

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмысының жүргізілу жағдайын бақылау

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау нысаны: Балапан ортаңғы тобы

Бақылау уақыты: 2025 жыл қазан 4 аптасы аралығы.

Мақсаты: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмысының жүргізілу деңгейі бойынша балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісінің кеңейтілуін анықтау.

Тобы	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Мерзімі	Жауапты
	<p>Тәрбиеленушілер заттарды түсі, пішіні, көлемі және саны бойынша ажыратып, топтастыра алады. Біртекті заттар тобын құрастырып, олардың ішінен бір немесе бірнеше затты бөліп көрсетеді.</p> <p>«Көп», «бір», «біреу-көп» ұғымдарын дұрыс қолданады, қоршаған ортадан сәйкес заттарды табады және «Қанша?» сұрағына жауап береді. Қарапайым қосу және алу әрекеттерін ойын түрінде орындай алады.</p> <p>Балалар екі затты ұзын-қысқа, биік-аласа, үлкен-кіші сияқты өлшемдер бойынша салыстырады. Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) танып, оларды ажыратады және қоршаған ортадағы ұқсас заттармен байланыстырады.</p> <p>Кеңістіктік бағыттарды (үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол) түсініп, қарапайым түрде бағдар жасай алады. Үлгі және ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Қимыл-қозғалыс әрекеттері үйлесімді дамыған, қолдың ұсақ моторикасы жас ерекшелігіне сай қалыптасқан.</p>		
ортаңғы топ	<p>Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру және дамыту: жиын, сан, пішін, көлем және кеңістік туралы білімдерін кеңейту. Танымдық белсенділігін арттыру, салыстыру, топтастыру, талдау дағдыларын дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және «көз-қол» сенсомоторлық дағдыларын жетілдіру.</p>	Тұрақты	Топ тәрбиешілері
Қорытынды	<p>Ортаңғы топ тәрбиеленушілері қарапайым математикалық ұғымдарды меңгерген. Заттарды негізгі белгілері бойынша салыстырады, топтастырады және ажыратады. Кеңістікте қарапайым бағдар жасай алады. Танымдық белсенділігі артып, оқу әрекетіне қызығушылық танытады. Жас ерекшелігіне сәйкес күтілетін нәтижелерге жеткен.</p>		
Ұсыныс	<p>Балалардың салыстыру, топтастыру және санау дағдыларын бекіту жұмыстарын жалғастыру. Кеңістіктік ұғымдарды (оң/сол, алдында/артында) ойын арқылы жүйелі дамыту. Геометриялық пішіндерді нақтылау және</p>		

күрделендіру. Қолдың ұсақ моторикасын және «көз-қол» үйлесімділігін дамытуға арналған жаттығуларды тұрақты қолдану. Танымдық қызығушылықты арттыратын дидактикалық және зерттеушілік ойындарды көбейту.

ЖШС «Амир 07»

«Аманат» жеке балабақша



А.А.Бергеналиева

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмысының жүргізілу жағдайын бақылау
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау нысаны: «Болашақ» мектепалды тобы

Бақылау уақыты: 2025 жыл қазан 4 аптасы аралығы.

Мақсаты: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмысының жүргізілу деңгейі бойынша балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісінің кеңейтілуін анықтау.

Тобы	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Мерзімі	Жауапты
Мектеп алды топ	<p>Балалардың жиын, сан, шама, пішін және кеңістік туралы математикалық түсініктерін жүйелеу және тереңдету. Логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін, зерттеушілік қабілеттерін дамыту. Салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру арқылы мектепке даярлық деңгейін арттыру. Қолдың ұсақ моторикасын және «көз-қол» сенсомоторлық үйлесімділігін жетілдіру.</p> <p>Тәрбиеленушілер заттарды бірнеше белгілері (түс, пішін, өлшем, материал, қолданылуы) бойынша салыстырып, топтастырады және жіктей алады. Жиындарды бөліктерге бөліп, қайта біріктіру арқылы бүтін мен бөліктің арасындағы байланысты түсінеді.</p> <p>10 көлеміндегі сандармен қарапайым амалдарды орындайды: теңсіздікті теңдікке келтіру, бір зат қосу немесе алу арқылы салыстыру тәсілдерін қолданады. Сандардың мәнін заттар тобымен сәйкестендіреді.</p> <p>Балалар заттардың ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша өлшеп, шартты өлшемді пайдалана отырып салыстырады және оларды өсу-кему ретімен орналастыра алады.</p> <p>Геометриялық пішіндер мен денелерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, текше, шар, цилиндр) дұрыс атап, ажыратады.</p> <p>Кеңістікте және қағаз бетінде еркін бағдарлайды: бағыттарды (оң/сол, жоғары/төмен, алға/артқа) және кеңістіктегі орынды дұрыс анықтайды. Уақыт туралы түсініктерді (кеше, бүгін, ертең, апта күндері, жыл мезгілдері) ретімен қолданады.</p> <p>Қарапайым графикалық тапсырмаларды орындайды: тор көзде сызықтар сызу, өрнектерді қайталау, нүктелерді қосу арқылы бейне құрастыру. Нұсқау бойынша және үлгіге сүйене отырып өз бетінше жұмыс орындай алады.</p>	Тұрақты	Топ тәрбиешілері
Қорытынды	<p>Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері қарапайым математикалық ұғымдарды толық меңгерген. Жиындармен, сандармен, шамалармен және геометриялық фигуралармен еркін жұмыс жасайды. Кеңістік пен уақытты бағдарлау дағдылары қалыптасқан. Танымдық-зерттеушілік белсенділігі жоғары, тапсырмаларды өз бетінше орындауға қабілетті. Мектепке оқуына қажетті бастапқы математикалық дағдылар қалыптасқан.</p>		

Ұсыныс	Балалардың логикалық ойлауын және зерттеушілік әрекетін дамыту жұмыстарын жалғастыру. Күрделі есептер мен проблемалық жағдаяттарды шешуге арналған тапсырмаларды көбірек енгізу. Кеңістікті бағдарлау мен уақыт ұғымдарын тереңдету. Графикалық дағдыларды, жазуға дайындық элементтерін және «көз-қол» үйлесімділігін дамытуға арналған жаттығуларды жүйелі түрде қолдану.
---------------	---

ЖШС «Амир 07»

«Аманат» жеке балабақша А.А.Бергеналиева



Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмысының жүргізілу жағдайын бақылау

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау нысаны: «Жалын» ересек тобы

Бақылау уақыты: 2025 жыл қазан 4 аптасы аралығы.

Мақсаты: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмысының жүргізілу деңгейі бойынша балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісінің кеңейтілуін анықтау.

Тобы	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Мерзімі	Жауапты
Ересек топ	<p>Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін жүйелеу және тереңдету: жиын, сан, шама, пішін және кеңістік туралы білімдерін дамыту. Логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін, салыстыру, топтастыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру. Қолдың ұсақ моторикасын және «көз-қол» сенсомоторлық үйлесімділігін жетілдіру.</p> <p>Тәрбиеленушілер заттарды түсі, пішіні, өлшемі және саны бойынша салыстырып, топтастыра алады. 5 көлеміндегі сандарды тура және кері ретімен санайды, зат пен сан арасындағы байланысты түсінеді.</p> <p>Балалар ұзын-қысқа, биік-аласа, кең-тар, қалың-жұқа сияқты өлшемдік ұғымдарды дұрыс қолданады және екі затты салыстыра алады. Заттарды өсу және кему ретімен орналастыру дағдылары қалыптасқан.</p> <p>Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) ажыратып, оларды қоршаған ортадағы заттармен байланыстырады. Кеңістіктегі бағыттарды (оң/сол, алдында/артында, үстінде/астында) дұрыс анықтайды және сөйлеуде қолданады.</p> <p>Үлгі және ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды өз бетінше орындайды.</p> <p>Қарапайым логикалық тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытады. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігі жас ерекшелігіне сәйкес дамыған.</p>	Тұрақты	Топ тәрбиешілері
Қорытынды	Ересек топ тәрбиеленушілері қарапайым математикалық ұғымдарды меңгерген. Заттарды негізгі белгілері бойынша салыстырады, топтастырады және жіктейді. Сандар мен геометриялық пішіндерді ажыратады, кеңістікте бағдар жасайды. Танымдық белсенділігі қалыптасқан, оқу тапсырмаларын орындауда дербестік танытады. Күтілетін нәтижелерге жеткен.		
Ұсыныс	Балалардың математикалық түсініктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру. Санау дағдыларын бекіту және кеңейту. Логикалық ойлауын дамытуға арналған ойындарды жүйелі қолдану. Кеңістіктік бағдарлау мен өлшемдік ұғымдарды бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын және «көз-қол» үйлесімділігін дамытуға бағытталған		

